


ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

2021 ж. қаңтар-тамыз



340,0
МЛРД. ТГ.



102,2%
ФКИ

- промышленные газы
- красители и пигменты
- прочая неорганика
- прочая осн.неорганика
- удобрения и азотосодер.вещества
- пластмассы в первичных формах

\$556,0
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 92,1%
отә 7,9%




НАРЫҚ

\$1829,8
МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша
2021 ж. қаңтар-тамыздағы деректер



ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС

2021 жылғы қаңтар-тамыздағы химия өнеркәсібі

Химия саласының өндіріс көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда **340,0** млрд теңгені құрады, бұл, 2020 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен **7,6%** жоғары.

Химия өнімі өндірісінде талдау жүргізілген кезеңде негізгі үлесті *басқа да органикалық емес заттар – 36,9%, тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар - 18,4%, бояғыштар және пигменттер – 8,7%, басқа да химия өнімдері – 8,3%, бастапқы формадағы пластмасса – 6,7%, пестицидтер және басқа да агрохимия – 5,9%* құрады.

Физикалық көлем индексі (бұдан әрі - **ФКИ**) талдау жүргізілген кезеңде **102,2%** құрады. Заттай көріністе өндіріс көлемінің ең жоғары көлемі: цементке қоспалар (1,4 есе), бояу жұмыстарына арналған **тегістегіш** (+13,8%), бұл құрылыс жұмыстарының өсуіне байланысты; каустикалық сода (1,6 есе), тұз қышқылы (+18,1%), жуғыш заттар (+25,6%), бастапқы формадағы полиуретан (+5,6%), натрий триполифосфаты (+7,6%), фосфорлы тыңайтқыштар (+6,3%), бастапқы формадағы стирол полимерлері (+4,5%), аммиак (+0,1%) және тұтынушылық сұраныстың артуына байланысты; хром қосылыстары: натрий бихроматы (+ 1,9 есе), хром ангидридi (+1,7 есе), хром тотығы (+54,1%), хром малмасы (+23,8%), бұл, «АЗХС» АҚ өндірісін қалпына келтіруге және сұраныстың өсуіне байланысты.

Химия өнімінің **экспорты** құндық көріністе **2021 ж. қаңтар-шілдеде 2020 ж.** осы кезеңмен салыстырғанда **10,1% өсті және 556,0 млн. АҚШ долл.** құрады. Негізгі экспорт елдері: Ресей (19,2%), Германия (9,5%) және Польша (6,8%), (2-сурет).

Химия өнеркәсібі өнімінің **импорты 2021 ж. қаңтар-шілдеде 1829,8** млн. АҚШ долл. құрады, бұл, 2020 ж. осы көрсеткішпен салыстырғанда 8,6% жоғары. Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (48,4%), Қытай (15,2%), АҚШ (5,2%).

Химия өнімі нарығының көлемі 2021 жылғы қаңтар-шілдеде **1968,7 млн АҚШ долл. (835,5 млрд теңге)** құрады. Талдау жүргізілген кезеңде отандық тауар өндірушілер (ОТӨ) үлесінің күрт төмендегені байқалады, бұл, импорттың құндық көріністе 8,7% өсуіне және ұлттық валюта бағамының 4,8% әлсіреуіне байланысты. ОТӨ үлесі 2020 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 2,9% төмендеді және **7,1%** құрады. Импорт өнімінің үлесі 92,1% құрады.

Химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі 2021 ж. қаңтар-тамызда төмендегі өңірлерде байқалады: Жамбыл (36,6%), Ақтөбе (11,6%), Қарағанды (10,7%), Павлодар (8,8%) және Ақмола (6,7%) облыстарында.